

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңес отырысында
23.05.2022 ж. № 10 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ

D051 – Дінтану және теология
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы

1. Жалпы ережелер.

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

Блогы	Балы
1. Эссе	10
2. Докторантурада оқуға дайындық тесті	30
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	40
4. Сұхбаттасу	20
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО базасында жеке өткізіледі.

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

1. D051 – «Дінтану және теология» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.

«Дінтану әдіснамасы» пәні

1 тақырып. Дінді түсіндірудегі ғылыми бағыт ерекшеліктерінің қалыптасуы.

Тақырыпшалар: Дінтану өзіндік білім саласы ретінде, өзіндік пәні мен әдісі бар ғылым ретінде: әдіснамалық негіздер. Дін туралы ғылым және дін тарихы. Дінді тарихи зерттеу әдістерінің антропологиялық, этнологиялық, әлеуметтік және басқа әдістермен байланысы ретінде түсіну және зерттеу. Дін туралы ғылымның функциялары. Дін туралы ғылыми білімнің ерекшелігі. Діни сана эволюциясы тарихына ғылыми көзқарастар (Э.Б. Тейлор, Дж. Фрейзер).

2 тақырып. Дінтанулық таным әдістері.

Тақырыпшалар: Дінтану әдістемесі туралы түсінік. Дінтану әдістерінің жіктелуі, олардың сипаттамалары. Жалпы ғылыми тәсілдер. Жүйелі тәсіл интегралды объектілерді тану әдістемесі ретінде. Дінтануға тән тәсілдер. Түсіндіру принциптері, олардың сипаттамалары. Дінтану әдістері туралы толықтай түсінудің қазіргі зерттеуші үшін маңызы.

3 тақырып. Дінтанудағы дін туралы зерттеулер.

Тақырыпшалар: Діннің анықтамасы. Анықтаманың түрлері: теологиялық түсініктеме (Э. Трельч, Р. Отто, П.А. Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукманн және т.б.) философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф. Гегель, Л. Фейербах және басқалар), социологиялық (М. Вебер, Б. Малиновский, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс және т.б.), биологиялық және психологиялық (У. Джеймс, Л. Леви-Брюль, З. Фрейд, Э. Фромм, К. Г. Юнг және т.б.), этнологиялық тәсіл. Қоғамдық-гуманитарлық ой тарихындағы дін: әдіснамалық аспектілер. Дін туралы ғылыми білімнің принциптері.

4 тақырып. Дінтанулық зерттеулердің негізгі категориялары.

Тақырыпшалар: дінтануда жалпы философиялық және әлеуметтік-философиялық категориялар қолданылады: «болмыс», сана, таным, рефлексия, символ, ақиқат, алдау, қиял, елес, қоғам, материалдық және рухани өндіріс, мәдениет, жатсыну және басқалар. Логика, этика, эстетикадан алынған ұғымдар мен терминдер: «белгі, мағына, ар-ождан, жауапкершілік, мейірімділік, жанашырлық, сұлулық» және т.б. Жалпы ғылыми ұғымдар: «жүйе, құрылым, функция, рөл, заң» және т.с.с., атап айтқанда, ғылыми ұғымдар: «дәуір, заң, иллюзия, сенім, сезім, көңіл-күй, азап, байланыс, тіл, өмір, өлім» және т.б. Арнайы діни ұғымдар мен терминдер: «дін, теология, діни культ, шіркеу, конфессия, ғибадатхана, дұға» және т.с.с. ерекше орын алатын ұғымдар мен терминдер: «Құдай, періште, тозақ, жұмақ, Бодхисатва, көріпкелдік, карма» және т.б., ғылымда олардың діндік мағынасынан басқа мағынасы бар, т.б. Діннің өзгеру процестерін бейнелейтін ұғымдар тобы: «даму және эволюция, сакрализация, секуляризация, детеологизация, демифологизация, модернизация» және т.б.

5 тақырып. Діндер типологиясының мәселелері.

Тақырыпшалар: Әр түрлі сипаттамаларға негізделген салыстырмалы талдау нәтижесінде құрылған діндер типологиясының мәселесі. Политеистік. Монотеистік, жойылған және бар діндер, жазбаша, жазбаша емес сақталғандары. Діндер типологиясы Ф.Г.В. Гегель. Рулық, ұлттық және әлемдік діндер. Дінтанудағы салыстырмалы тарихи парадигма. П. Пикардың «Әлемнің барлық халықтарының діни жоралары мен рәсімдері». 18 ғасырдағы салыстырмалы дінтанулық зерттеулер. 19 ғасырдағы салыстырмалы дінтанулық зерттеулер. 20 ғасырдағы салыстырмалы дінтанулық зерттеулер

6 тақырып. Дін тарихы: Әдістемелік тәсілдердің қалыптастуы.

Тақырыпшалар: Дін тарихы дінтанудың бөлімі ретінде. XVIII ғасырда. француз ағартушысы, энциклопедист Ш. де Бросс, француз ғалымы және философы Ш.Ф. Дюпон еңбектеріндегі дін тарихының мәселелері. XIX ғасырдағы неміс теологтары мен тарихшылары, Тюбинген мектебінің өкілдері Ф.К. Баур және Д.Ф. Штраустың діндер тарихының дамуына қосқан үлестері. Сондай-ақ швейцариялық тарихшы және заңгер И.Бахофен, француз тарихшысы Ф.де Куланж, француз жазушысы, тарихшы және шығыстанушы филолог Ж.Е. Ренан, ағылшын тарихшысы, шығыстанушы В. Робертсон Смит, ағылшын тарихшылары мен этнологтары Е.Б. Тайлор, Дж.Фрэзер, неміс тарихшысы Ю. Вельгаузен, неміс тарихшысы және философы А. Древис австриялық теолог, этнограф және лингвист В.Шмидт, орыс тарихшылары Ф.И. Щербатская, В.В. Бартольд, А.Б. Ранович, Р.Ю. Випнер, теолог және тарихшы А.В. Карташов және басқалардың қосқан үлестері.

7 тақырып. Дін социологиясы: әдіснамалық тәсілдерді қалыптастыру.

Тақырыпшалар: О.Конт. Әлеуметтік философияның әдіснамасы, әлеуметтану және діннің қоғам өміріндегі орны, діннің қайнар көздері. (Э. Дюркгейм). Дін социологиясының негіздері: діннің экономиканың, саяси жүйелердің, отбасының дамуына, дінді институттандыру формаларына, типологиясына әсерін зерттеу: зерттеу әдістерін таңдау (М. Вебер). Магия, ойлау, ғылым, дін: антропологиялық константтар және ғылыми тәсілдер ретінде. (Б. Малиновский). Діннің мағыналы анықтамасы: онтологиядан зерттеу әдіснамасына дейін. (Э. Тэйлор, Э. Дюркгейм)

8 тақырып. Жүйелік тәсіл бүтіндік объектілерді танудың әдіснамасы ретінде.

Тақырыпшалар: Жүйелік тәсілдің ерекшелігі. Жүйелік көзқарастың пәнаралық сипаты. Объектінің тұтас интегративті моделі. Зерттеу нысаны. Зерттеуді бөлшектеу. Таным логикасы. Әдістемелік қағидалар, категориялық-тұжырымдамалық аппарат, зерттеу процедурасы, жүйелі ыңғайдың әдістері мен тәсілдері. Қатаң жүйелер теориясы. Жұмсақ жүйелер теориясы. Өзін-өзі ұйымдастыру теориясы. Дінді зерттеуге жүйелі тәсілді қолдану.

9 тақырып. Дінтану әдістері туралы көзқарастардың маман үшін маңызы.

Тақырыпшалар: Дінтану әдіснамасының басқа ғылыми пәндермен байланысы. Жеке тұлғаның ойлау операцияларын қалыптастыру. Талдау. Синтез. Жалпылау. Жіктеу. Танымдық іс-әрекет. Ойлау. Шығармашылық. Іс-әрекет. Сын. Өзара түсіністік, пәнаралық бағдарлама.

10 тақырып. Дінді теологиялық түсіндіру әдістемесі.

Тақырыпшалар: тиісті діни тәжірибеге негізделген дінді «ішінен» түсіну. Діннің табиғаттан тыс анықтамасы. Теологияның тарихи мектебі. Э.Трельчтің дінді «қарастырудың тарихи тәсілі»; әулие Р. Оттоның тәжірибесі; «Біздің өміріміз Құдайда және Құдай бізде» Р.А. Флоренский; діннің онтологиялық және феноменологиялық анықтамасы. Т. Лукманның көзге көрінбейтін діні. Трансцендентті – имманенттіні бастан кешіру, адамнан анағұрлым жоғары тұратын әлдекімнің бар екендігіне сену. Дін – бұл трансценденттілікті бастан кешіру (С.Н. Булгаков). Қасиетті Космостың құрылысы (П.Л. Бергер). Ф.Шлейермахер «Дін туралы оны менсінбейтін білімді адамдарға қатысты сөз сөйлеу».

11 тақырып. Әлемді діни тұрғыда қабылдауға ғылымның әсері.

Тақырыпшалар: Дінді зерттеудің гносеологиялық аспектісі. Діни сананың ерекшелігі. Діни сенім. Діни ілім туралы түсінік. Теургия және теодицея. Сенімнің гносеологиялық позициясы және рационализмнің танымдық ұстанымдары. Дін тарихындағы сенім мен ақыл ой арақатынасының мәселесі. Ғылым мен дін арасындағы сұхбат мәселелері. Әлемнің ғылыми және діни картинасының өзара байланысы.

12 тақырып. Дінтанудың философиялық және ғылыми талдауы.

Тақырыпшалар: Дінтану рационалдылықтың түрі ретінде. Дінтану және әдістеме. Әдістемелік талдаудың көп деңгейлі тұжырымдамасы. Дінтанудағы ғылыми зерттеу әдістері. Дінді зерттеудің әдістерінің мәселелері. Дінтанудағы аксиоматикалық әдіс. Ресми түрде рәсімделу және оның діни зерттеулердегі қолдану дәрежесі. Жалпыдан жалқыға қарай ауысу әдісі. Тарихилық және логикалық әдіс. Дінтанудағы историзм принципі. Дінге деген құрылымдық-функционалдық көзқарас. Дінтанудағы модельдеу әдісі. Теориялық және эмпирикалық діни зерттеулер. Дін мәселелерін зерттеудегі виртуалды нысандардың құрылысы. Компьютерлік модельдеу және оның дінтанудағы қолдану дәрежесі.

13 тақырып. Дінтанудың қазіргі жағдайы.

Тақырыпшалар: Қазіргі заманғы Батыс дінтану мектептері. Дінді зерттеудегі салыстырмалы тәсіл. Отандық дінтанудың тарихы мен қазіргі жағдайы.

Қазіргі заманғы дін философиясының пәндік аймағы, діни наным-сенімдердің ақиқаттылығы мен парасаттылығы, діни тілдің ерекшеліктері. Қазіргі дінтанудағы әдістемелік мәселелер. Дінтану тарихындағы тарихи және эволюциялық тәсілдер. Дінді зерттеудің салыстырмалы тарихи әдістері. Дінтанудағы құрылымдық-функционалдық зерттеу әдісі

14 тақырып. Қазақстандық дінтану.

Тақырыпшалар: Қазақстандық дінтану: мәселелері мен болашағы. Қазақстандық дінтану өзінің өзектілігін іздеудегі практикалық өлшем. Қазақстандық дінтану заманауи эпистемология тұрғысынан. Дінтанудың метатеориясына қарай. Реализм ресейлік және қазақстандық дінтанудың әдіснамалық принципі ретінде. Отандық дінтану тарихына қарай: 1920-1930 жылдардағы дінтанулық зерттеулердің проблемалық саласы. Қазақстандағы дінтанудың қалыптасуы мен дамуындағы ғылыми атеизм кафедраларының рөлі. Қазіргі қазақстандық дінтанудағы әрқилы ойлар: когнитивті өлшем. Қазіргі қазақстандық дінтанудың даму мәселелері. Қазіргі Қазақстандағы діни психологияның дамуы. Қазақстандағы қазіргі заманғы дінтанудың екі парадигмасы туралы. Қазіргі Қазақстандағы күнделікті өмір құрылымындағы дін. Қазақстандық дінтанудағы дін социологиясының мәселелері. Шекарасыз дінтану. XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы Қазақстандағы исламтану. Дінтанулық зерттеулердегі методологияны дамыту қазақстандық дінтануды өзекті мәселесі ретінде

«Дінтанудың заманауи мәселелері» пәні

1 тақырып. Діни парадигманың қалыптасуы.

Тақырыпшалар: Дінді ғылыми тұрғыдан зерттеудің алғышарттары. Дін туралы эмпирикалық және теориялық материалдарды жинақтау. Діннің теологиялық түсіндірмесін қайта қарау. Теология және дінтану. Дінтанудың ғылыми білімнің бір саласы ретінде қалыптасуы. Дін ұғымын анықтауға негізгі тәсілдер. Діннің мәдени құбылыс ретіндегі өзгерістері. Дінтану: пәні, мәселелер ауқымы және олардың ерекшелігі.

2 тақырып. Қазіргі заманғы дінтанудың әдіснамалық мәселелері.

Тақырыпшалар: XX ғасырдың басында дінтанулық зерттеулердің әдістерін қайта қарау. Ф.Макс Мюллер дінтанудың маңызды методологиялық принциптері туралы. Ф. Макс Мюллер дінтанудағы салыстырмалы әдіс туралы. Эволюционизмнен диффузияға дейінгі және прамонотеизм теориясы. Дін классификациясын дінтанулық талдау. Діннің классикалық феноменологиясының әдіснамасы. Дінді зерттеудегі герменевтикалық әдістің қалыптасуы.

3 тақырып. 20 ғасырдың екінші жартысындағы жаңа парадигманы іздеудегі діни зерттеулер.

Тақырыпшалар: XX ғасырдың екінші жартысындағы дінтанудың негізгі бағыттары. Діннің классикалық феноменологиясының дағдарысы. Діннің неофеноменологиясы. Дін тарихының қазіргі мәселелері. Структурализм және дінтану. Дін экологиясы.

4 тақырып. Діннің маңызды сипаттамалары туралы діни түсініктер.

Тақырыпшалар: Діннің мәндік сипаттамалары туралы философиялық тұжырымдамалар. Уильям Джеймс прагматизмі және радикалды эмпиризм. Р.Отто діннің сандық мәні туралы. М.Элиаде діни құбылыс ретіндегі иерофания туралы. Дін құбылысының психоаналитикалық парадигмасы. З.Фрейд дін туралы бейсаналық сублимация және ұжымдық невроз ретінде. КГ. Юнг діннің негізі ретінде психиканың архетиптік мазмұны туралы. Э.Фромм діннің мәні мен табиғаты туралы.

5 тақырып. Дінтанудың қазіргі жағдайы.

Тақырыпшалар: қазіргі заманғы дінтанудың мәселелері мен болашағы. Дінтанудың қалыптасу кезеңдері. Дінтану пәні мен ғылыми мәртебесін анықтау. Метадінтану дінтану тарихы мен теориясы ретінде. Когнитивті дінтану. Салыстырмалы дінтану. Дінтану мен теологияның арақатынасы. Конфессионалды дінтану. Теоретиялық және эмпирикалық дінтану. Қазіргі гуманитарлық білім жүйесіндегі дінтану ерекшеліктері. Дінтанудың теориялық мәселелері.

6 тақырып. Қазақстандағы дінтанудың қазіргі жағдайы.

Тақырыпшалар: Қазақстан қоғамындағы дінтанудың қалыптасу ерекшеліктері. Қазіргі Қазақстандағы дінтанудың негізгі даму кезеңдері. Дінтанудағы зерттеулердің негізгі бағыттары. Қазіргі қазақстандық дінтанудың негізгі бағыттары. Қазақстандық дінтанудың дәстүрлері. Қазіргі кезеңдегі діни зерттеулер.

«Дін туралы мемлекеттік заңнама» пәні

1 тақырып. Мемлекеттік дін туралы заңнама.

Тақырыпшалар: Дін және оның құқықтың пайда болуына әсері және мемлекеттік құқықтық жүйелердің типологиясы. Ар-ождан және дін бостандығы мәселелері. Қазақстан Республикасындағы діни реформалардың басталуы 1985-1990 жж. КСРО-дағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай. Кеңес Одағындағы саяси реформалар. Коммунистік партия дін, атеистік тәрбие, ар-ождан бостандығы және мемлекеттік-конфессиялық қатынастар туралы. КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңес және оның одақтас республикалардағы органдары. Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы Бүкілодақтық заңнама және оны Кеңес Одағы республикаларында жүзеге асыру тәжірибесі. Қайта құру және жариялылық бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріндегі «діни сұрақ». ҚР-дағы діни ахуал. Діни бірлестіктердің қызметін және қызметін реттейтін республикалық нормативтік-құқықтық актілер. Діни бірлестіктердің ар-ождан бостандығы туралы заңнаманы сақтауына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жүйесі. Қайта құру және жариялылық жағдайында Қазақстан Республикасында тәуелсіз діни саясатты қалыптастырудың бастапқы кезеңі. Қазақстанның діни өмірі: қиындықтар, жаңғыру мәселелері. Қазақстандағы негізгі конфессиялардың сандық параметрлерінің динамикасы туралы статистикалық мәліметтер.

2 тақырып. Қазақстан Республикасындағы діни мәселені шешудің саяси-құқықтық аспектісі.

Тақырыпшалар: Дін саласындағы Мемлекеттік саясаттың өзгеруі. Діни саладағы мемлекеттік саясаттың құрамдас элементтері. Қазақстан Республикасында діни мәселені

шешудің саяси-құқықтық аспектісінің даму кезеңдері. 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң. Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заң 1996 ж. Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің хатшылығы ретіндегі мемлекеттік құрылым. Қазақ мемлекеттік заң академиясы жанындағы ислам құқығын зерттеу орталығы (2000 ж. ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану Институты жанындағы исламтану орталығы (2003)).

3 тақырып. Қазақстан Республикасының діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңнамасы.

Тақырыпшалар: «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң (1992 ж.) Ар-ождан, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы қазақстандық заңнаманың тұжырымдамасы мен құрамдас бөліктері туралы. Мемлекет және дін. Мемлекет және діни бірлестіктер. Діни бірлестіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, олардың дінге қатынасына қарамастан, заң алдында тең. Мемлекеттік (жергілікті) мемлекеттік органдар және діни ұйымдар. Ар-ождан бостандығы туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау: құқықтық негіздер және іске асыру механизмі. Діни сараптама. Уәкілетті органның діни сараптама жүргізуді қамтамасыз етуі. Қазақстан Республикасындағы діни қызмет.

4 тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Тақырыпшалар: Ар-ождан бостандығы және діни сенім бостандығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциясында (1995 ж.), XX ғ. 90-жылдардағы конституциялық құрылыс және ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы туралы қағидалар мен ережелерді әзірлеу. Мемлекеттің зайырлы сипаты, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі. Дінге қатынасына қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі. Діндер мен діни бірлестіктердің заң мен мемлекет алдындағы теңдігі. Ар-ождан және діни сенім бостандығы саласындағы адам және азамат құқықтары: ортақ және ерекше тұстары. Зайырлылық ұғымы және мемлекеттің зайырлылығы. Зайырлылық қағидалары. Қазіргі заманғы шетелдік зайырлы мемлекеттердегі ар-ождан және дін бостандығы мәселесін құқықтық реттеу. Еуропа елдеріндегі мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастардың негізгі модельдері. Мемлекеттік білім беру жүйесінің зайырлы сипаты, мемлекеттік қызмет. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде баламалы қызметке құқық. Билік органдары арасындағы ар-ождан бостандығы саласындағы қызметтерін анықтау.

5 тақырып. «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы» Заңы.

Тақырыпшалар: «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы: құрылымы, негізгі ережелері және практикалық іске асырылуы. Заңды әзірлеу жағдайлары мен шарттары. Заң жобасының тұжырымдамалық негіздері мен іргелі ережелері мен нормалары төңірегінде қазақстандық қоғамда және шетелде талқылау. Заңды Үкіметте талқылау және қабылдау. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның мақсаттары мен реттеу пәні. Қазақстан Республикасындағы ар-ождан және дін бостандығы проблемасын құқықтық реттеу. Мемлекеттік және діни бірлестіктер: қарым-қатынас принциптері. Заң тарауларының негізгі мазмұны: «Діни бірлестіктер», «Діни ұйымдардың қызмет ету құқықтары мен шарттары», «Ар-ождан бостандығы, дін бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңнаманың орындалуын қадағалау және бақылау». Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер және оларды тіркеу тәртібі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, әкімдіктердің, дін істері жөніндегі басқармаларының негізгі нормативтік-құқықтық актілері негізінде заңның орындалуының қамтамасыз етілуі. Заң талаптарына сәйкес діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізудің тәртібі мен шарттары.

3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Радугин А. А. Введение в религиоведение: теория, история и современные религии: курс лекций. — М.: Центр, 2000.— 240 с.
2. Яблоков И.Н. Религиоведение как область знания // Вестник Российского сообщества преподавателей религиоведения. 1:12-25. 2008.
3. Яблоков И. Н. Религиоведение: учебник для вузов / И. Н. Яблоков; под редакцией И. Н. Яблокова. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 371 с.
4. Яблоков И.Н. Социология религии: теоретические аспекты: Монография. — М.: МАКС Пресс, 2014. — 260 с.
5. Яблоков И.Н. Философия религии. Актуальные проблемы: Монография. — М.: Изд-во РАГС, 2007. — 248 с.
6. Религиоведение.Энциклопедический словарь. — М.: Академический проект, 2006. — 1256 с.
7. Гараджа В.И. Социология религии. М., ИНФРА-М, 2005 — 348с.
8. Пивоваров Д.В. Философия религии. Екатеринбург, Деловая книга, 2006 — 640с.
9. Красников А.Н. Методологические проблемы религиоведения: Учебное пособие. — М.: Академический проект, 2007. — 239с.
10. Эриксен, Томас Хилланд. Что такое антропология? / Учеб. пособ., перев. с англ. — М.: ВШЭ, 2014. — 238 с.
11. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Қ., т.б. Дінтану. А., Қазақ университеті, 2019 — 477б.
12. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Қ., т.б. Дінтану. Энциклопедиялық сөздік. 1-2 том. А., Қазақ университеті, 2018 — 495б., 439б.
13. Хизметли С. Орта Азия Түрк Республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. А., 2006.
14. Байтенова Н.Ж., Сырғақбаева А.С., Абжалов С.Ө., Джекебаева М.А. Мәдениет контексіндегі діни-философиялық рефлексия. А., Қазақ университеті, 2020 — 201б.
15. Құрманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері: оқу құралы. 2019. — 178 б.
16. Байтенова Н.Ж.,Сырғақбаева А.С., Абжалов С.Ө., Джекебаева М.А. Мәдениет контексіндегі діни-философиялық рефлексия. А., Қазақ университеті, 2020 — 201б.
17. Байтенова Н.Ж., Демеуова А.А. Религия как социокультурный феномен:религиоведческий дискурс.А., 2015.
18. Утебаева Д.С., Кантарбаева Ж.О., Альджанова Н.Қ., Дуйсенбаева А.К., Назарбек Қ., Асанова С., Карыбаева А.Н. Интернет-кеңістіктегі дін және жастар: ұжымдық монография — Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 146б.

Қосымша:

1. Конституция Республики Казахстан от 18 декабря 1995 г.
2. Қазақстан республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (О религиозной деятельности и религиозных объединениях)заң, 11 қазан 2011ж., №483-IV ҚРЗ.
3. Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 года № 483-IV «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.12.2016 г.).
4. Володина Н.В. Особенности взаимоотношений государства и религиозных объединений в странах Европы для преодаления конфликтов на конфессиональной основе. //Правовая инициатива. 2013,3.
5. Подопригора Р.А. Государство и религиозные организации (административно-правовые вопросы). Алмата: Издательский дом «Аркаим». 2002,//Эл.версия:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35392260#pos=1733;-45.

6. Зеленкова М.Ю. Государственно-конфессиональные отношения: правовой аспект. – М., 2004.

7. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.Қ., т.б. Қазіргі Қазақстандағы дінтану: қалыптасуы мен даму жолдары. А., Қазақ университеті, 2014 – 138б.